

## Протокол

Сводная таблица замечаний и предложений по Заявлению о намечаемой деятельности Казахстанского филиала АОЗТ «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» «Реконструкция участка дороги к скважине 9898 (РТ\_09)» от 2 апреля 2024 года №KZ91RYS00584613

Дата составления сводной таблицы: 24.04.2024 г.

Место составления сводной таблицы: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 03.04.2024 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 03.04.2024 г. – 23.04.2024 г.

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Заинтересованный государственный орган	Замечания и предложения
1	Акимат Западно-Казахстанской области Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ЗКО	Замечания и предложения (письмо от 05.04.2024 г. №4-12/550) БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ Қазақстандық филиалының белгіленіп отырған қызметі туралы 2024 жылғы 2 сәуірдегі №KZ91RYS00584613 өтініші қарастырылып «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен, «Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен және «Жайық-Каспий су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен келісім алу керектігін және ресми интернет-ресурсқа 2024 жылдың 4 сәуірінде орналастырылғандығын хабарлаймыз.
2	Западно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии Комитета геологии Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан «Запказнедра»	Замечания и предложения (письмо от 05.04.2024 г. №26-10-7-557) Рассмотрение вопросов, указанных в заявлении о намечаемой деятельности компаний по оценке воздействия на окружающую среду, не входит в компетенцию Департамента
3	Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию использования и охраны водных ресурсов Комитета водного хозяйства	Замечания и предложения (письмо от 10.04.2024 г. №18-13-01-03/643). 1. Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан

	<p>Министерства водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан</p>	<p>Республикасының Су кодексінің 125 және 126-баптарының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда:</p> <p>1.1. Су объектілерінде және су қорғау белдеулерінің шегінде, су шаруашылығы мен су тарту құрылыстары және олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылғыларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және басқа да су көлігінің жұмысына қатысты көлік инфраструктурасын қоспағанда жаңадан салынатын құрылыстарды (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) жобалауға, салуға және орналастыруға, топырақ пен шөп жамылғысын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (соның ішінде жер жырту, мал жаю, тау-кен жұмыстарын жүргізу) тыйым салынады;</p> <p>1.2. Су қорғау аймақтарының шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа да құрылыстарды қайта құруға сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды төсеуге, бұрғылау, жер және басқа да келісілген жұмыстарды жүргізуге, белгіленген тәртіппен оның ішінде бассейндік инспекциясымен келісілген жобасы жоқ жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады;</p> <p>1.3. Су объектілерінің аумағы арқылы көлік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларының өтуін, су объектілерінің жұмыс режимін қамтамасыз ету, судың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды олардың зиянды әсерінің алдын-алуды көздеуге тиіс;</p> <p>2. Егер аумақта су объектілерінде су қорғау аумақтары мен белдеулері белгіленбеген болса, жоспарланған іс шараларды жүзеге асыру туралы шешім су қорғау аймақтары мен белдеулері тиісінше тәртіппен белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағының талаптары ескере отырып қабылданады.</p> <p>3. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға Қазақстан Республикасының Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.</p> <p>Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 25-бабының 4-тармағы бойынша 2023 жылдың 1 қаңтарынан су қоры жерлерінің аумағында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге тыйым салынады.</p>
4	<p>Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области</p>	<p>Замечаний и предложений нет (письмо от 11.04.2024 г. №4-6/460).</p>
5	<p>Департамент Комитета промышленной безопасности Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан по Западно-</p>	<p>Замечаний и предложений нет (письмо от 19.04.2024 г. №22-15-2-14/318).</p>

	Казахстанской области	
6	Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан	<p>Замечания и предложения (письмо от 19.04.2024 г. №24-26-7-11/1183-И):</p> <p>Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс беруші осы Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алуды ұсынамыз.</p>
7	Западно–Казахстанская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан	<p>Замечания и предложения (письмо от 12.04.2024 г. №2-12/299):</p> <p>«Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45 баптарына сәйкес – жер қойнауын пайдалану, ғимараттар, құрылысжайлар, жолдар, құбыржолдар және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған осындай объектілерге арналған жобалау құжаттамасына сәйкес өзге де объектілерді салу (реконструкциялау) мақсаттары үшін басқа санаттарға ауыстырылатын жерлердің барлық санаттағы жер учаскелерінде жабайы өсетін өсімдіктер жойылған (қайтарымсыз жоғалған), сондай-ақ мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесі мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайларда өсімдіктер дүниесінің шығындары өтелуге жататыны сақталу қажет екенін қаперіңізге саламыз.</p> <p>Бұдан басқа, жоспарланған жұмыстарды жүргізу кезінде жануарлар дүниесіне әсерді азайту үшін «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 12-бабы 3-тарау 1-тармағына сай жануарлар дүниесінің жай-күйіне, мекендейтін ортасына, көбею жағдайларына және жануарлардың өріс аудару жолдарына әсер ететін, немесе әсер етуі мүмкін болатын қызмет жануарлар дүниесінің, олар мекендейтін ортаның сақталуы мен өсімін молайтуды келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуді қамтамасыз етудің талаптары, оның ішінде экологиялық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс екенін Инспекция ескертеді.</p>
8	Управление строительства Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 22.04.2024 г. №6-7/544).
9	Акимат Бурлинского района	Не представлено
10	Заинтересованная общественность	Не представлено

«9898 (PT\_09) ұнғымасына жол учаскесін қайта құру» «Карачаганак Петролиум Оперейтинг б.в.» ЖТАҚ Қазақстандық филиалының белгіленіп отырған қызметі туралы 2024 жылғы 2 сәуірдегі №KZ91RYS00584613 өтініші бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі

### Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 24.04.2024 ж.

Жиынтық кесте жасалған орын: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: 03.04.2024 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: 03.04.2024 – 23.04.2024 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар
1	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы;	Ұсыныстар мен ескертулер (05.04.2024 жылғы №4-12/550 хаты) БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ Қазақстандық филиалының белгіленіп отырған қызметі туралы 2024 жылғы 2 сәуірдегі №KZ91RYS00584613 өтініші қарастырылып «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен, «Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен және «Жайық-Каспий су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен келісім алу керектігін және ресми интернет-ресурсқа 2024 жылдың 4 сәуірінде орналастырылғандығын хабарлаймыз.
2	Қазақстан Республикасының индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология комитетінің «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті;	Ұсыныстар мен ескертулер 05.04.2024 ж. №26-10-7-557 хаты): Қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша мекеменің белгіленген қызметі туралы өтініштерде көрсетілген мәселелерді қарау Департаменттің құзыретіне кірмейді.
3	Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің	Ұсыныстар мен ескертулер (10.04.2024 ж. №18-13-01-03/643 хаты). 1. Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен

	<p>Су шаруашылығы комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы;</p>	<p>белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Су кодексінің 125 және 126-баптарының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда:</p> <p>1.1. Су объектілерінде және су қорғау белдеулерінің шегінде, су шаруашылығы мен су тарту құрылыстары және олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылғыларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және басқа да су көлігінің жұмысына қатысты көлік инфрақұрылымын қоспағанда жаңадан салынатын құрылыстарды (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) жобалауға, салуға және орналастыруға, топырақ пен шөп жамылғысын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (соның ішінде жер жырту, мал жаю, тау-кен жұмыстарын жүргізу) тыйым салынады;</p> <p>1.2. Су қорғау аймақтарының шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа да құрылыстарды қайта құруға сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды төсеуге, бұрғылау, жер және басқа да келісілген жұмыстарды жүргізуге, белгіленген тәртіппен оның ішінде бассейндік инспекциясымен келісілген жобасы жоқ жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады;</p> <p>1.3. Су объектілерінің аумағы арқылы көлік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларының өтуін, су объектілерінің жұмыс режимін қамтамасыз ету, судың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды олардың зиянды әсерінің алдын-алуды көздеуге тиіс;</p> <p>2. Егер аумақта су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленбеген болса, жоспарланған іс шараларды жүзеге асыру туралы шешім су қорғау аймақтары мен белдеулері тиісінше тәртіппен белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағының талаптары ескере отырып қабылданады.</p> <p>3. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға Қазақстан Республикасының Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.</p> <p>Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 25-бабының 4-тармағы бойынша 2023 жылдың 1 қаңтарынан су қоры жерлерінің аумағында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге тыйым салынады.</p>
4	Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (11.04.2024 ж. №4-6/460 хаты)
5	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министірлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (19.04.2024 ж. №22-15-2-14/318 хаты)

	Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті	
6	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық департаменті	<p>Ұсыныстар мен ескертулер (19.04.2024 ж. №24-26-7-11/1183-И хаты):</p> <p>Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс беруші осы Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алуды ұсынамыз.</p>
7	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	<p>Ұсыныстар мен ескертулер (12.04.2024 ж. №2-12/299 хаты):</p> <p>«Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45 баптарына сәйкес – жер қойнауын пайдалану, ғимараттар, құрылысжайлар, жолдар, құбыржолдар және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған осындай объектілерге арналған жобалау құжаттамасына сәйкес өзге де объектілерді салу (реконструкциялау) мақсаттары үшін басқа санаттарға ауыстырылатын жерлердің барлық санаттағы жер учаскелерінде жабайы өсетін өсімдіктер жойылған (қайтарымсыз жоғалған), сондай-ақ мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесі мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайларда өсімдіктер дүниесінің шығындары өтелуге жататыны сақталу қажет екенін қаперіңізге саламыз.</p> <p>Бұдан басқа, жоспарланған жұмыстарды жүргізу кезінде жануарлар дүниесіне әсерді азайту үшін «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 12-бабы 3-тарау 1-тармағына сай жануарлар дүниесінің жай-күйіне, мекендейтін ортасына, көбею жағдайларына және жануарлардың өріс аудару жолдарына әсер ететін, немесе әсер етуі мүмкін болатын қызмет жануарлар дүниесінің, олар мекендейтін ортаның сақталуы мен өсімін молайтуды келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуді қамтамасыз етудің талаптары, оның ішінде экологиялық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс екенін Инспекция ескертеді.</p>
8	Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (22.04.2024 ж. №6-7/544 хаты)
9	Бөрлі ауданының әкімдігі	Ұсынылған жоқ
10	Мүдделі жұртшылық	Ұсынылған жоқ